

**«6D011200 – Химия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған Ильясова Гульжахан Уалибековнаның
«Химиядан оқулықтар мен оқу құралдарын құрастырудың
дидактикалық негіздері» тақырыбына жазылған диссертациялық
жұмысына ресми рецензенттің
Пікірі**

**1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және
жалпы мемлекеттік бағдарламаларымен байланысы.**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «Білім мен ғылымды интеграциялау, оқу-тәрбие жұмысын қамтамасыз ету және жетілдіру, оқытудың жаңа технологияларын әзірлеу және енгізу білім беру үйімдарында жүзеге асырылады» - деп көрсетілген.

Сонымен бірге «Ұрпағы білімді халықтың болашағы жарқын болады», - дегендегі жас ұрпаққа білім беру бүгінгі күннің басты талабы. Елбасымыздың «Қазақстан – 2050» стратегиялық бағдарламасында барлық қазақстанның өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі, әл-ауқатының артуы және елдің деңсаулығын жақсарту міндеттерімен бірге жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру мәселесін атап өткен.

Қазіргі заманғы ғылыми-техникалық үрдістің қарқыны білім беру жүйесінің алдына ұлken мақсаттар мен жаңа міндеттер жүктейді. Бұл білім беруде қолданылатын әрбір құрал-жабдықтардың оқушылардың шығармашылықпен жұмыс жасаудың жағдай туғызатындағы болуын талап етеді. Білім берудегі басты құрал ол - оқулық. Оқулықтың дидактикалық құрылымы мен мазмұнына байланысты мұғалімнің білім беру әдістері де, оқушылардың шығармашылық ізденісітері де өз дәрежесінде үйімдастырылатыны белгілі. Сондықтан да, оқулық осы орайда егеменді еліміздің білім беру жүйесінде әлемдік деңгейге жету үшін дидактикалық түрфыдан үнемі заман талабына қарай өндеп жетілдіріп отыру ешқашан күн тәртібінен түспейтін мәселе. Оның үстінде химия ғылымының жетістіктері мен жаңа қарқындары күн сайын қарқынды түрде дамуда. Міне, осының бәрі Ильясова Гульжахан Уалибековнаның «Химиядан оқулықтар мен оқу құралдарын құрастырудың дидактикалық негіздері» атты диссертациялық жұмысының бүгінгі қоғам сұранысынан туындалған рецензенттің тақырыптардың бірі болып табылатынын көрсетеді.

**2. Диссертацияға қойылатын талаптар деңгейіндегі ғылыми
нәтижелері.**

Диссертация кіріспеден, екі тараудан, әрбір тарау бойынша тұжырымдардан, әдебиеттер тізімі және қосымшадан тұрады. Диссертант Ильясова Гульжахан Уалибековна өз зерттеуінің тарауларын бір-бірімен өзара тығыз байланысты, бір жүйемен қура білген. Диссертациялық зерттеу жұмысының барысында алынған теориялық және практикалық нәтижелер тығыз бірлікте болуымен, ғылыми зерттеудің тәжірибелік кезеңдерінің өзара сабактастырымен, жүйелілігімен, ғылыми ақпараттың ауқымдылығымен анықталады. Алынған нәтижелер диссертацияның мақсаты мен міндеттерінен туындаиды.

Диссертацияның мазмұнындағы тұжырымдар мен нәтижелеріне тоқтатын болсақ, диссертант Г.У.Ильясова өз жұмысына жасалған түйіндері ете орынды, ғылыми зерттеуде нақты көрсеткен:

бірінші ғылыми нәтиже - Ресей мен Қазақстан ғалымдарының мектеп оқулықтарына қоятын ғылыми-теориялық және әдістемелік талаптарына сүйене отырып, зерттеу тақырыбының педагогикалық және психологиялық негізі саралған;

екінші ғылыми нәтиже - бейорганикалық химия оқулығының дидактикалық негіздеріне қойылатын талаптардың бірі - білімді жергілікті компоненттермен байланыстыру мәселесін оқулық пен оку құралдарына енетін материалдың нақты нысандарды қамтуы арқылы оқушыларға берілетін білімнің саналы менгерілуіне қол жеткізуге болатындығы ғылыми түрғыдан негізделген;

үшінші ғылыми нәтижесі - бейорганикалық химиядан білім беретін оқулық пен оку құралының дидактикалық негіздерін бір-бірімен байланыстыра отырып қарастырып, мұндай бірлестікте берілетін құрылымның оқушылардың терең білім алудына, практикалық біліктіліктерінің қалыптасуына негіз болатын мүмкіндіктерін нақты деректермен ашып көрсетілген;

төртінші ғылыми нәтиже - авторлық бірлестікте дайындаған оку құралының оқулықпен сабактастыры арқылы олардың дидактикалық негіздерінің біртұтастырының қамтамасыз етудің тиімділігі зерттеу барысында ұсынған ғылыми ұстанымдыры іс жүзінде дәлелденген;

бесінші ғылыми нәтиже - бейорганикалық химия оқулығы мен оку құралын байланыстыра отырып оқыту арқылы оқушыларға білім берудің тиімділігін арттыруды көздеңген әдіс-тәсілдерін бақылау-экспериментіне қойып, оның нәтижесін қорытындылған.

3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.

Диссертацияның ғылыми-әдіснамалық аппараты, қорғауға ұсынылған негізділігі мен шынайылығы, зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелер мен зерттеудің қорытынды мазмұнымен үйлесімділігін қамтамасыз етеді. Осының негізінде диссертант Г.У.Ильясова өзінің көзқарасын ғылыми түрғыдан негіздел, көрсете білген.

Бірінші ғылыми нәтижесінің негізділігі мен шынайылық дәрежесі - бейорганикалық химия оқулықтарының дидактикалық негізіне байланысты шетелдік және Қазақстандық ғалымдардың енбектерін және нормативтік құжаттарды талдау арқылы тақырыпты теориялық түрғыдан негіздел, өз пікірін тұжырымдап, өзіндік қорытынды жасағандығында.

Екінші ғылыми нәтижесінің негізделуі мен шынайылық дәрежесі - бейорганикалық химия оқулығы мен оку құралында берілген материалдардың мазмұндық жағынан сабактаса отырып, жергілікті нысандармен толықтырылып, тұлғаға бағытталғанда берілгенде деңгелеуденде.

Үшінші ғылыми нәтиженің негізделуі мен шынайылық дәрежесі - білім берудің кіркітіре оқыту принципін ғылыми түрғыдан талдай келіп, химия пәнін биология, физика, география ғылымдарымен тығыз байланыстыруды жүзеге асыратын ұсынысын авторлық бірлестікті дайындалған оқу құралында нақты материалдарды беруімен дәлелдеуінде.

Төртінші ғылыми нәтижесінің негізделуі мен шынайылық дәрежесі - окушыларға бейорганикалық химиядан білім беруде білімді тереңдету мен біліктілікті қалыптастыру принципіне байланысты оқулық пен оқу құралының дидактикалық негізінің бірізділікпен құрылуын алдыңғы қатарлы ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып, ғылыми түрғыдан дәлелдеуі арқылы көрінеді.

Бесінші ғылыми нәтижесінің негізделуі мен шынайылық дәрежесі - диссертанттың химия оқулығы мен оқу құралын байланыстыра отырып окушыларға білім берудің тиімді әдіс-тәсілдерін бақылау-эксперименті бойынша дәлелденуі.

4. Диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиженің (қағиданың) және қорытындылардың негізделуі және шынайылық дәрежесі.

Бірінші нәтиженің жаңалық дәрежесі. Зерттеу тақырыбының теориялық негізін саралау шетелдердің және Қазақстанның алдыңғы қатарлы педагог және психологиялық мәдениеттік мемлекеттік жаңалықтардың мәдениеттік стандарты мен жаңа бағдарламаға негіздел өз тұжырымын беруі жаңалық.

Екінші ғылыми нәтиженің жаңалық дәрежесі. Бейорганикалық химия оқулығы мен оқу құралының дидактикалық негіздерін біртұтастықта қарап, олардың мазмұндық және құрылымдық сабактастырын ғылыми түрғыдан негіздеуі жаңалық.

Үшінші ғылыми нәтиженің жаңалық дәрежесі. Білім берудің кіркітіре оқыту принципін ғылыми түрғыдан талдай келіп, химия пәнін биология, физика, география ғылымдарымен тығыз байланыстыруды жүзеге асыратын ұсынысын авторлық бірлестікті дайындалған оқу құралында нақты материалдар арқылы дәлелдеуі жаңалық.

Төртінші ғылыми нәтиженің жаңалық дәрежесі. Окушыларға бейорганикалық химиядан білім беруде білімді тереңдету мен біліктілікті қалыптастыру принципіне байланысты оқулық пен оқу құралының дидактикалық негізінің бірізділікпен құрылуын алдыңғы қатарлы ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып, ғылыми түрғыдан дәлелдеуі жаңалық.

Бесінші ғылыми нәтиженің жаңалық дәрежесі. Диссиденттың бейорганикалық химия оқулығы мен оқу құралын байланыстыра отырып окушыларға білім берудің тиімді әдіс-тәсілдерін бақылау-эксперименті бойынша дәлелденуі жаңалық.

5. Диссертациялық жұмыс нәтижелерінің теориялық және практикалық маңыздылығы.

Диссидентант Г.У.Ильясованың қол жеткізген барлық нәтижелері зерттеу шеңберінде өзара қысынды түрде байланысып жатыр. Алынған нәтижелер көкейкесті мәселені шешуге бағдарланған. Зерттеу нәтижесінде орта мектептің 7-сыныбына арналған авторлық бірлестікте оку құралы дайындалып, білім беру үрдісіне ұсынылған.

Диссертацияның негізгі қағидалары, тұжырымдары, нәтижелері автордың жарық көрген 18 енбегінде көрініс тапқан. Олар: Scopus мәліметтер базасына кіретін журналда, республикалық және халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда, ғылыми-шетелдік басылымдарда, Қазақстан Республикасы білім және ғылым саласын бақылау комитеті белгілеген басылымдарда және Қазақстан Республикасы ғылым және білім министрлігінің ұсынысымен ЖОО арналған ағылшын тіліндегі 1 окулық, орта мектептің 7-сыныбына арналған 1 оку құралы жарияланған.

6. Диссертация бойынша кемшіліктер мен ұсыныстар.

Диссидентанттың ғылыми жұмысының маңыздылығына тоқталып, төмендегідей кемшіліктерді атап өтеміз:

Диссертацияда окулықтың дидактикалық құрылымын зерттеуші Қазақстандық ғалымдардың енбегін аша түссе дұрыс болар еді.

Диссертация мазмұнында стильдік грамматикалық қателіктер кездеседі.

Бірақ, бұл айтылған ескертпелер диссидентант Г.У.Ильясованың диссертациялық жұмысының теориялық және практикалық құндылығын төмендетпейді.

7. Диссертацияның «Ғылыми дәрежелер беру қағидаларының» талаптарына сәйкестігі.

Қорғауға ұсынылып отырған Г.У.Ильясованың PhD философия докторы дәрежесін алу үшін дайындалған «Химиядан окулықтар мен оку құралдарын құрастырудың дидактикалық негіздері» атты диссертациялық жұмысы аяқталған, ғылым және практика талабына сай келуімен бағаланады. Жоғарыда айтылған тұжырымдар негізінде ұсынылып отырған диссертацияның маңыздылығы бойынша алынған ғылыми нәтижелер КР БЖФМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәрежелер беру қағидаларының» талаптарына сәйкес келетіндігін толығымен қанағаттандырады, ал оның авторының «6D011200 – Химия» мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Пікір жазған:

**Химия ғылымдарының докторы,
«Ә.Б.Бектұров атындағы химия
ғылымдары зерттеу институты» АҚ
профессоры**



Т.Қ.Жұмаділов

